

### **13 дәріс. Қазақстандағы этнопсихологиялық зерттеулер және олардың негізгі проблемалары мен даму перспективасы (келешегі)**

Экс-СССР (бұрынғы кеңес империясы) психология ғылымы тарихында қазақстандық психолог-ғалымдардың алатын үлесі мен рөлі жайлы қозғасақ, олардың ішінен ғылыми жұртшылық тарапынан мойындалуы мен еңбектері тұрғысынан еш ұялмай атауға болатыны Мәжит Мұқанов. Алайда еліміздің психология тарихшылары зерттеулерінде М. Мұқановтың ғылыми еңбектері жайлы мағлұмат үстіртін айтылады және олардың мазмұны толыққанды ашылмай қалған. Оның жетекшілігімен бірнеше адам (Б. Ыбыраев, Қ. Нұрғалиев, Н. Нұртазина және т.б.) диссертация қорғағанын ескерсек, М. Мұқановтың ғылыми мұрасы не себепті бүгінде көпшілікке кең таралмағаны, түсіндіріліп насихатталмағаны еріксіз ойландырады. Ғылым тарихында белгілі бір адамның рөлін төмендетіп көрсету не әдейі «ұмыту» (естен шығару) жағдайы кездейсоқ құбылыс еместігін ескерсек, кейбір қорытынды не жорамал жасауға болатын сияқты. Бұл жерде ғалымның жеке тұлғалық қасиеттерінің сол ғылымның дамуына жағымсыз негативті және оң әсері жайлы сәселе алға шығады (персоналдық-тұлғалық аспект). Егер ғалымның республикадағы психология ғылымын дамытуға едәуір мүмкіндігі бола тұра, оны толық пайдаланбағанын, яғни әлеуметтік мәнді зерттеу аясынан шығарып тастап, тек таза ғылыми-шығармашылық жолын алып қарастырсақ, М. Мұқановтың жалпы еңбектерінің жоғары ғылыми

деңгейі еш күман туғызбайды. Шынайы сапалы жазылған еңбектің құны еш уақытта маңызын жоғалтпайтына көзің жетеді. М. Мұқанов еңбектерінен оның әлемдік психологиядағы идеяларданартта қалмай үн қосқаны, уақыт талабы үрдісінен шыққаны көрініп тұр. Батыстық психологтардың еңбегін жоққа шығармай, бір жақты идеялогиялық тұрғыдан ғана сынамай, оларды ғылыми түрде талдауы бізді әрине таң қалдырмай қоймайды. Қазақтың өзге психологтары еңбектеріндегі тым идеялогияланған сарыннан көрі, ғылыми сұхбаттың болғаны еріксіз құрмет сезімін тудырады. М. Мұқанов еңбектеріне баға берудегі тек бір ғана көрсеткішті алсақ: оның шетелдік ғалымдардың көзқарастарымен қазақстандық оқырманды таныстырғанның өзі үлкен жұмыс деуге болады. Сөйтіп, ол өз елінің ғалымдарының ойлау деңгейін көтерді. Оның үстіне, М. Мұқанов еңбектеріндегі идеялар бүгінде көкейкестігін жоғалтқан жоқ.

М. Мұқановтың педагогикалық психология саласына қатысты келесі еңбектері жарық көрді: «Оқушылардың дара еңбектерімен санасып, қарым-қатынас жасай білу», «Педагогикалық психология очерктері», «Бағдарламалық оқытудың психологиялық-педагогикалық аспектілері», «Бағдарламалық оқытудың негізгі идеялары мен ұғымдары», «Жас және педагогикалық психология» және т.б.

М. Мұқановтың аталмыш еңбектерін қарастырмас бұрын ол кісінің өмірбаянына тоқтала кетейік. Мәжит Мұқанов 1920 жылы 5 қазанда Ақтөбе обласының Шалқар ауданының Ырғыз ауылында дүниеге келген. 13-14 жасында ата-анасынан айырылады. Сол

себепті, 1932-1933 жылдары Шалқар ауданының Қарашұбат станциясындағы балалар үйінде тәрбиеленеді. Еңбек жолын 1934 жылы Ақтөбе қаласында жұмысшы болып бастаған. 1939 жылы Ресейдегі Вольск әскери әуе училищесін бітіреді. 1939-1941 жылдары Украинада, М. Горький атындағы Харьков университетінде кешкі бөлімнің студенті болады, алайда соғыс басталғаннан кейін әскерге алынып, 1941-1945 жылдар аралығында соғыс майданына қатысады. 1949 жылы Ленинградтағы А.И. Герцен атындағы мемлекеттік педагогикалық институтын педагогика мамандығы бойынша бітіреді. 1949-1952 жылдары КазГУ-дің аспиранты.

Мәжит Мұқанов Кеңес Одағы психологтар Қоғамының Қазақ республикалық бөлімінің президиумы төрағасы болды, сонда-ақ, КСРО психологтар Қоғамының орталық кеңесінің мүшесі болып сайланды. Республиканың педагогикалық институттарының жыл сайын шығып тұратын «Психология» ғылыми жинағының бас редакторы болды. Кеңес психологтарының III (Киев, 1968), IV (Тбилиси, 1972), V (Мәскеу 1977), Бүкілодақтық съездерінің белсенді қатысушысы. М. Мұқанов соғысқа қатысқаны үшін бірнеше медальдарымен және ҚазССР Жоғарғы Кеңесінің құрметті грамотасымен марапатталған. М. Мұқанов 1985 жылдың 3 ақпанда қайтыс болды.

Педагогикалық психология саласы үшін маңызды еңбектердің қатарына М. Мұқановтың 1962 жылы жарық көрген «Педагогикалық психология очерктері» атты қазақ тіліндегі оқу құралын жатқызуға болады. Бұл еңбегінде автор қазақ

мектептеріндегі оқу-тәрбиежұмысының психологиялық негізін сипаттауға әрекеттенген. М. Мұқанов өзінің зерттеулеріне, сондай-ақ республикадағы психологтардың жұмыстарына сүйене отыра, қазақ балаларына ана тілі мен орыс тілін оқытудың психологиялық негізін ашып көрсетеді. Автор қазақ балаларының қандай жолмен білім алатынын, қандай жағдайда олардың психикалық іс-әрекеті қажетті білім, ебдейлік пен дағдыларды неғұрлым өнімді меңгеретін тоқталады. М. Мұқанов бұл еңбегінде қазақ тілді оқырмандарды П.П. Блонский мен Л.С. Выготскийдің педагогикалық психологияға байланысты тұжырымдамаларымен таныстырады және соңғы уақыттардағы бұл саладағы зерттеулер жайлы да айтып өтеді. М. Мұқановтың кітабы өз уақытында қазақ бөлімінің студенттері үшін аса қажет оқу құралы болды. Кейін толықтырылып «Жас және педагогикалық психология» (1982) атты оқулық боп басылып шықты әрі күні бүгінге дейін қолданыста жүр.

Қазақ психологы М. Мұқановтың еңбектерімен таныса отырып, оның әлемдік педагогикалық психологияның озық үлгілерімен хабардар болғанына көзің жетеді. Мысалы, 1954 жылы американ психологы Б.Ф. Скиннер бағдарламалық оқыту идеясын ұсынған болатын. Нәтижеде кеңестік психологияда бірқатар оқытудың психологиялық теориялар, яғни педагогикалық психологияның теориялық негіздері жасалына бастады. М. Мұқанов өз еңбектерінде бұл мәселелерді қарастырудан, талдаудан тыс қалған жоқ. Оның 1966 жылы жарық көрген «Бағдарламалық оқытудың психологиялық-педагогикалық аспектілері» атты еңбегі сол кездерде жұртшылық тарапынанқызу қолдауға ие бола

бастаған бағдарламалық оқыту мәселесіне арналады. М. Мұқанов: «Бағдарламалық оқытудың көптеген мәселелері дегенмен әлі күнге дейін шешімін таба алмай отыр» - деп жазады. Оның себебін автор бір жағынан, бізде бағдарламалық оқыту жайлы айтқанда оны шетелдік сызықтық және тармақтанған бағдарламандыру немесе олардың үйлесе қиыстыруы деп түсінетінін, әрі оны жеткілікті терең ұғынбасада оқыту практикасына тезірек енгізуге тырысатынын көреді, екіншіден, аталмыш әдістердің белгілі бір артықшылығы бар болғанымен, алайда, олар оқытуды оңтайландырудың, жақсартудың асқақ үлгісі, мұраты боп табылмайды. М. Мұқанов бағдарламалық оқытуды жасауда психологиялық аспектіге көңіл аудару керектігіне тоқталады және оқушыларда шешімді белсенді іздеуге итермелейтін және диалогқа негізделген эвристика идеяларын оқытуда қолдану мүмкіндігін қарастырады. М. Мұқановтың айтуынша, дәстүрлі педагогикада оқытудың әдістері мен тәсілдерін жасау ісі дидактика мен жеке әдістемелердің құзыреті, ал психологияның объектісі оқушылардың танымдық іс-әрекетін зерттеу боп табылады деген мызғымас ереже болғанын орынды сынап кетеді. Өйткені, мұндай жағдайда психологияның қандай бір болмасын елеулі рөлі жайлы айтудың өзі артық. Педагог-әдіскерлер болса, бағдарламалық оқытудың іргетасы ретінде психологияға емес, кибернетикаға сүйенуге мәжбүр. Тірі жүйелер мен машиналарды басқарудың заңдары ортақ болғанымен ол мәселені шешпейді. Өйткені соңғысының өзіндік ерешелігі бар. Сондықтан, М. Мұқанов «әдістемеден психологияға емес, керісінше психологиядан әдістемеге бару керек» деген ойды

айтады. Бұл тезисті жүзеге асыту үшін «білімді оқушының өзі игереді, өзі меңгереді» деген тұжырымды ескеру керек. Алайда, бұл дұрыс ереже бағдарламалық оқытудың қызметі үлкен екенін мойындауымыз керек.

Сонымен, қазақ психологы Мәжит Мұқановты қазақстандық педагогикалық психология саласына айтарлықтай үлкен үлес қосты деп бағалауға болады. Оның мұраларын арнайы зерттеу болашақ психология тарихшыларының маңызды міндеттерінің бірі болмақ.